



Вариативті бөлімге арналған

«Бұлдіршіндердің шығармашылығын дамыту» орта топ

«Дидактикалық ойындар»

«Шебер қолдар» орта топ

«Бала тілін дамыту» ересек тобы

«Таза аудағы шынықтыру»

«Сиқырлы сандар»

БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## **Мазмұны**

1. Түсіндірме жазба-----	5
2. 5-6 жастағы балаларға арналған «Бала тілін дамыту» бағдарламасы-----	6-13
3. 4-5 жастағы балаларға арналған «Шебер қолдар» бағдарламасы-----	14-22
4. II-сәбілер тобына арналған «Дидактикалық ойындар» бағдарламасы-----	23-39
5. Ортаңғы топ балаларына арналған «Бұлдіршіндердің шығармашылығын дамыту» бағдарламасы-----	40-54
6. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Таза ауадағы шынықтыру» бағдарламасы -----	55-70
7. Мектепалды даярлық тобына (сынып) арналған «Сиқырлы сандар» бағдарламасы-----	71-78

## **Тұсіндірме жазба**

Тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы болып есептелетін мектепке дейінгі білім беруде білім мазмұны балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Соған сәйкес, вариативті компонент бойынша «Бұлдіршіндердің шығармашылығын дамыту», «Дидактикалық ойындар», «Шебер қолдар», «Бала тілін дамыту», «Таза ауадағы шынықтыру» және «Сиқырлы сандар» бағдарламалары дайындалып, оның негізгі мақсаты баланың жас ерекшеліктеріне қарай қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту тұрғысында құрылды.

Бағдарлама мазмұнында баланы кіші жастан еңбекке баулу, шынықтыру, тілін дамыту, ойын элементтері арқылы логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттің жетілдіру және сахналық қойылымдар негізінде дарынды балаларды анықтау жұмыстарына басымдық берілген.

Облыстық оқу орталығының шығармашылық топ мүшелері дайындаған бағдарламалар негізінде бала бойына еркіндік, батылдық, имандылық тәрбиелерін сіңіре отырып, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік мол.

**3-4 жастағы балаларға арналған «Бала тілін дамыту» бағдарламасы**  
**( Вариативтік компонент)**

## **Kіріспе**

Мектепке дейінгі білім беру үйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машины тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Үрпақтан үрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуарының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуі қалайды.

- Саусақ, тіл жаттығулары балалардың:
- нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындайды;
  - тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
  - қымыл арқылы өлең жолдарын қындықсыз түсініп, жаттап алады;
  - айтылуы қын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
  - есте сақтау қабілеті артады;
  - елестету арқылы қиялын дамытады;
  - әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады;
  - өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айттып үйренеді;

- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырган бағдарламада саусақ, тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылышының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің ұлгілері берілген.

### **Мақсаты:**

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

### **Міндеттері:**

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

### **Мазмұны:**

- Сөйлем
- Отбасы мүшелері
- Сөйлем құрылымы
- Сөз тіркестері
- Тіл ұстарту жаттығулары
- Сөйлем құрылымына талдау
- Сөздерді буынға бөлу

## Тақырыптық жоспар үлгісі

Айын	№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты	Көрнекіліктер
Киң пәндер	1.	Сөйлем. Саусақ жаттығуы «Доп»	Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер құрау. Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту	1		Күз мезгіліне байланысты сурет
	2.	Буын, дыбыс. Саусақ жаттығуы «Кірпі»	Буын, дыбыс туралы түсінік. Дыбыстан буын, буыннан сөз құрату. Сөзді буынға бөлу, буынның дыбыстық құрамын ажырату	1		Кірпінің суреті
	3.	Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз»	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауга, отбасы мүшелерін ажыратса білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауга тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	1		Отбасы туралы сурет; Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрмө жасау
	4	Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру	1		Күз мезгілі туралы өлең
	5.	Күз кереметі. Жемістер. Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажыратса білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру	1		Жемістер суреті
	6.	Сөз. Сөз тіркестері. Саусақ жаттығуы «Құлпы»	Сөз туралы алған білімдерін бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу	1		Ертеңі кейіпкерлерінің суреттері

	7.	Сөйлем құрылымы. Саусақ жаттығуы «Жаңбыр»	Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату	1		Жаңбыр туралы сурет, өлең
	Казаң.	Сөйлем түрлері. Саусақ жаттығуы «Моншақ»	Сөйлем түрлері туралы түсінік беру. Қол жаттықтыру жаттығулары	1		Моншаққа байланысты мазмұнды суреттер
	9.	Ойыншықтар. Саусақ жаттығуы «Тыңдамайтын доп»	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға баулу. Антоним сөздер туралы түсіндіру	1		Ойыншықтардың суреттері
	10.	Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	1		Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша сурет
	11.	Үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Сөйлемнің құрылымына талдау жасау. Қол жаттықтыру жаттығулары	1		Ара тақырыбына байланысты сөйлемдер құрату
	12.	Сөз тіркесі. Тіл жаттығуы «Шегіртке»	Сөз тіркесі туралы алған білімдерін кеңейту. Суреттерге қарап, сөз тіркестерін құрастыру	1		Шегіртке тақырыбына байланысты сурет
	13.	Қысқа дайындық. Тіл жаттығуы «Дауыстарын қайтала»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1		Жануарлар суреттері, аудио, видео таспалар
	14.	Қысқы тіршілік. Саусақ жаттығуы «Қасқыр»	Қыстап қалатын құстар мен жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1		Құстар мен жануарлардың мазмұнды суреттері
	15.	Менің Қазақстаным. Саусақ жаттығуы «Үй »	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Еліміздің рәміздері, астана туралы түсіндіру	1		Рәміздер, Астана туралы бейне ролик
	16.	Қысқы еңбек. Саусақ жаттығуы «Мұз бұлақ»	Адамдардың қысқы еңбегімен таныстыру. Ұлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу	1		Ұлкендердің еңбегі туралы сурет, бейне ролик

Кантап	17.	Қыс қызығы. Саусақ жаттығуы «Аққала»	Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1		«Қыс қызығы» картинасы
	18.	Сөз тіркестері, сөз, буын, дыбыс. Тіл жаттығуы «Қоңыз»	Сөз тіркестері туралы түсінік беру. Сөз тіркестерін сөздерге, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөле білуді үйрету	1		Қоңыз туралы материалдар (интернеттен)
	19.	Киімдер. Саусақ жаттығуы «Қолшатыр»	Киімдер туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдер туралы әңгімелесу	1		Жыл мезгіліне байланысты киімдер суреттері
	20.	Үй жануарлары. Саусақ жаттығуы «Ботақан»	Үй жануарлары туралы алған түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Үй жануарларын құтуғе, қамқор болуға баулу, ересек адамдардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу	1		Үй жануарлары туралы слайд, аудио, видео таспалар
Ақпан	21.	Жабайы андар. Саусақ жаттығуы «Қорбаңбай аю»	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын байыту	1		Жабайы аң туралы ертегі слайды, аудио, видео таспалар
	22.	Көлік түрлері. Саусақ жаттығуы «Ұшак»	Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Қол жаттықтыру жаттығулары	1		Көлік түрлері туралы слайд, аудио, видео таспалар
	23.	Аң аулау. Саусақ жаттығуы «Қарсақ пен тұлқі»	Аңшы туралы әңгімелеу. Аңшы сөзін жекеше, көпше түрде айтқызу. Сурет бойынша әңгімелесу	1		«Аңшы» картинасы
	24.	Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Майлышаяқ»	Әңгімені ұлғі сызба бойынша баяндау. Әңгімені өз қиялымен аяқтау. Тіл ұстарту жаттығулары	1		Итке байланысты суреттер жинағы
	25.	8 наурыз – Аналар мерекесі. Саусақ жаттығуы «Гүл тереміз»	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оку. Сөздерді анық айтқызу	1		Ана туралы өлең (Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша)

	26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Саусақ жаттығуы «Тышқан»	Ертегі мазмұнын айту, сахналау. Жұмбақтар шешу, өлеңдер оқу	1		Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау
Наурыз	27	Наурыз – жыл басы. Дидактикалық ойын «Сандық»	Наурыз мерекесі туралы түсінік. Ұлттық ойындар туралы әнгімелейу	1		Наурыз мерекесі туралы бейне ролик
	28	Малдың төлі. «Төлдер айтысы» ертегісі. Саусақ жаттығуы «Бұзауқан»	Ертегіні мазмұндау. Төлдер тақырыбына өлеңдер оқыту. «Төлдер айтысы» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналау	1		Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау
Cavin	29	Буынға бөлейік. Саусақ жаттығуы «Торғай мен тұлқі»	Сөздерді буынға бөлдіру. Олардың неше буыннан тұратынын анықтау. Қол жаттықтыру жаттығулары	1		Торғай мен тұлқі суреттері
	30	Дыбыстың сөздегі орны. Ойын «Қасқыр»	Сөздегі дауыссыз дыбыстың орнын анықтау. Тіл ұстарту жаттығулары	1		Қасқыр туралы суреттер
	31	Менің сүйікті қалам. Саусақ жаттығуы «Күн мен гүл»	Қала туралы әнгімелейу	1		Қала туралы бейне ролик
	32	Менің достарым. Саусақ жаттығуы «Күн көжек»	Қоршаған орта, достар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрату	1		«Менің достарым» картинасы
	33	Балабақша. Саусақ жаттығуы «Тордағы құс»	Балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әнгімелейу	1		Балабақша туралы бейне ролик
	34	Ауылда. Саусақ жаттығуы «Қошақаным»	Ауыл туралы әнгімелейу	1		Ауыл туралы бейне ролик
	35	Ыңдыстар. Дидактикалық ойын: «Ыңдыстарды толықтыр»	Ыңдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту, жұмбақтар шешкізу. Сөйлемдер құрастырту	1		«Ыңдыстар» картинасы сериясы

Мам	36 Біз мектепке барамыз. Дидактикалық ойын: «Оқу қуралдарын ата»	Мектеп туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгімелуе	1		Мектеп туралы бейне ролик
			<b>36 сағат</b>		

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Г.Д.Абдрахимова  
«Саусақ және тіл жаттығулары» «Арман-ПВ» баспасы, 2013жыл
5. Тіл дамыту. Дидактикалық ойындар Алматы-кітап баспасы, 2008жыл
6. Е.Өтетілеуова  
«Балақай» өлеңдер жинағы Алматы-1986 жыл
7. Д.З.Жұсіпова, С.Ж.Андабекова, К.А. Сатыбалдиева, Қ.Т.Байғабылова  
Көркем әдебиет Хрестоматия «Аруна» баспасы
8. Р.Б. Нұртазина, А.Д.Сейсенова, Б.Х. Исмағұлова, Г.Қ. Досмамбетова  
Көркем сөз әлемі

Алақай Хрестоматия «Аруна» баспасы

9. Д.З. Жүсіпова, Ф. Қ. Исхакова, Т.Ж.Омарғалиева, Б.Ж.Ногайбекова  
Тіл дамытудың ғажайып әлемі «Аруна» баспасы

**4-5 жастағы балаларға арналған**

## **«Шебер қолдар» бағдарламасы**

**( Вариативтік компонент)**

## **Kиpіспе**

Еңбек тәрбиесі – ол баланың еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін менгерту болып табылады.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сұру еңбегіне даярлау керек... Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абырайлы да, бақытты да болмайтындаі еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда қалыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, менгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне қатысуға қызығушылығын дамыту мақсатын көзейді.

### **Мақсаты:**

Балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру

### **Міндеттері:**

- Балалардың белсенділік, іскерлік және еңбекті құрметтеу қасиеттерін дамыту;
- Жұмыс барысында табиғи материалдарды орынды қолдану іскерліктерін жетілдіру;
- Үйымдастыруышылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық сезімдерін дамыту.

### **Мазмұны:**

- Қағазбен жұмыс
- Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс

- Өз қалаулары бойынша жұмыс
- Шығармашылық көрме

## Тақырыптық жоспар үлгісі

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыт ы	Пайдаланған әдебиеттер
Кыркүйек	1.	«Қағаздан не құрастырылады?»	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынмен таныстыру	1		«Балақай» бағдарламасы Ортаңғы топ «Жебе» баспасы, 2007ж.
	2.	«Мысық пен тышқан»	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру	1		
	3.	«Саңырауқұлак» оригами	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қигашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялышын, көңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту	1		«Зерек бала» бағдарламасы
	4	«Жұлдызқұрт»	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету	1		
Казан	5.	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами	Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бүйімдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлдененен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру	1		
	6.	Тасбақа	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру	1		

	7.	Кірпі	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру	1		
	8.	Балық	Балаларды қағазды екі бүктең, арнайы сыйылған жолдармен пішінді қызып алуға үйрету	1		
Караша	9.	Гүлдер. Қағаздан біріктіру	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру	1		
	10.	Шырпы қораптарынан машина жасау	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қияллын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	1		
	11.	Сандықша	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету	1		
	12.	«Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету	1		
	13.	Рамкалар жасау	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамага ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру	1		
	14.	Шырша	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қияллын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	1		
	15.	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	1		

	16. Желтоқсан	Жаңа жылдық безендіру ( Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру	1		
Кантар	17.	Аққала	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату	1		
	18.	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	1		
	19	Пингвин	Балаларға пластикалық бөтелкे мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету	1		
	20	Өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	1		
	21	Үй	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопласттан әр түрлі заттар жасауға үйрету	1		
Ақпан	22	Досыма арналған альбом	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс-тәсілдерін менгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу	1		
	23	Көңілді шеберхана	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөнгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену	1		

	24	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағыландыру	1		
Наурыз	25	Аналарға сыйлық (Күттіқтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қызып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау	1		
	26	Көбелек (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дene бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу	1		
Сәуір	27	Қамшы өру	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелу	1		
	28	Құстар ұясы	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету	1		
	29	Желкенді қайық	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту	1		
	30	Ұшақ	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бұктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету	1		
	31	Табиғи материалдармен жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	1		
	32	Үйрек (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бұктеуге жаттықтыру	1		

	33	Көгершін ( Оригами)	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру	1		
Mамыр	34	«Мимоза тармақшалары»	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру	1		
	35	Кеме ( Оригами)	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалғастыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ құмылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту	1		
	36	Шығармашылық көрме ұйымдастыру	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру	1		
				36	сағат	

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
2. Ортағы топқа арналған «Балақай» бағдарламасы
3. З.В.Лиштван  
Конструирование
4. Т.С.Комарова  
Занятия по изобразительной деятельности в детском саду  
Москва «Просвещение» -1991
5. Р.С.Буре, Г.Н.Година  
Учите детей трудиться  
Москва «Просвещение» -1981
6. Ғаламтордан алынған материалдар

## **«Дидактикалық ойындар» бағдарламасы**

### **( Вариативтік компонент)**

Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен  
еліктеудің маздап жанған оты.

Ойынсыз, музыкасыз, творчествосыз, фантазиясыз  
толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды.

*B.M. Сухомлинский*

#### **Kіріспе**

Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағаныңдай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден - бір көмекшісі десек те болады.

Дидактика - термині гректің «дидакtos», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді. К. Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескеріп, былай деп жазады: «Бала табигаты көрнекілікті аса қажетсінеді. Балаға өзіне белгісіз бес сөзді жалаң үйрете бастасыңыз, көп уақытты зая кетіріп, босқа қиналасыңыз. Ал енді жиырма сөзді суреттермен байланыстыра үйретсөңіз, бала оны лезде қағып алады. Сіз балаға қарапайым ғана ойынызды қанша түсіндірсөңіз де, онай ұға қоймайды. Дәл сол ойды күрделі суреттер көрсете баяндасыңыз, ол сізді тез түсінеді».

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұргандай, баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Балабақшада бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар (Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, т. б) өз еңбектерінде айтып кеткен. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Дидактикалық ойындар арқылы баланың математикалық қабілеттерін оятудың әсерін Ресей ғалымдары Т. В. Лодкина, А. И. Захаров, В. С. Мухина, А. М. Леушина, Е. И. Щербакова, Е. О. Смирновалар атап көрсеткен. Дидактикалық ойындардың ықпалын баланың сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А. В. Запорожец, А. Д. Кошелева және т. б. белгілеген. Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылайды және ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те.. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі – бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс -әрекет.

**Мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру

**Міндеттері:**

1. Ойын әрекетінің әр түрін қамтитын және балалардың жалпы дамуына көмектесетін түрлі дидактикалық ойындарды қолдану;
2. Заттардың қасиеттері туралы балалар түсініктерін кеңейту;
3. Заттарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету;
4. Заттардың функционалды қызметтеріне қарай топтастыру іскерліктерін дамыту;
5. Дидактикалық ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және ақыл - ой белсенділігін арттыру.

**Мазмұны:**

- Заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аудару ойындары
- Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсормоторлық кеңістік, «көз, қол» үйлесімділігін дамыту ойындары
- Заттардың ерекше қасиеті, түсі, көлемі, пішінін көрсету ойындары
- Балалардың тілін, сөздік қорын дамыту ойындары
- Эстетикалық талғамын, шығармашылық қиялдау қабілетін дамыту ойындары

## **Тақырыптық жоспар**

	<b>Ойынның тақырыбы</b>	<b>Сағаты күні</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Шарты</b>	<b>Көрнекілігі</b>
1	«Әдемі гұл»	1	Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машиқтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту	Топқа гұл тістеген құшіктің кіруімен ғажайып сәт үйымдастырылады. Құшік аузына тістеп кірген гұл шоғын терен дем алып ііскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды фой, сендер маған көмектесесіндер ме?» -деп сұрақ қояды. Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады	Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер
2	«Әуе шарлары»	1	Берілген ұлғіге қарап түстерді сәйкестендіріп таңдау жолдарымен таныстыру	Балаларға «Әуе шарлары» ойынын ойнайтындығы айтылады. « Балалар,түрлі түсті әуе шарлары мен осы түстес жіптеріміз бар. Қазір фланелеграфта жіптер пайда болады» -деп бірдей арақашықтықта тігінен алты жолақшаны фланелеграфқа орналастырады. «Енді әрбір жіпке түсіне қарай шарларды байлаймыз» -деп 1-ін көрсетіп, қалғандарын балалардың өздеріне жасау ұсынылады.Әрі қарай балалар үлестірмелі заттармен жұмыс жасайды	Магнитті тақта немесе фланелеграф, жіңішке картон жолақшалары (15x0.5 см) 6 түсті, диаметрі 10 см 6 түсті дөңгелек, Үлестірмелі заттар: әртүрлі жолақшалары бар ақ паракты жолақша
3	«Не қайда тұрады?»	1	Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	Балаларға иттің, қоянның, қойдың,торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы , әрқайсының түру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауга)	Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері
4	«Суреттерді құрастыр»	1	Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының	Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі	әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөні стердің немесе

			зандылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту		оыйнышықтардың суреттері
5	«Жемістерді жина»	1	Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту	Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзенкеге, орташаны орташа кәрзенкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзенкеге салулады керек» -деп ортаға 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады	3-түрлі көлемдегі үлкен, орташа, кішкентай, 3-кәрзенке үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар
6	«Үлкен-кіші»	1	Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту	Әр түрлі көлемдегі оыйнышықтар мен жануарлардың суреттерін аттай отырып көлемдерін ажыратады	Оыйнышықтар мен жануарлар суреттері
7	«Тұсіне қарай таңда»	1	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру	«Балалар, бұғін біз «Тұсіне қарай таңда» ойынын ойнаймыз. Сендердің қолдарында түрлі түсті бөліктері бар кілемшелер бар. Қарандаршы, қандай әдемі оыйнышық» -деп көк машинаны көрсетеді. Бұл көк түсті машина. Ал мынау не? - қызыл түсті машина. Бұлардың айырмашылығы неде? (түстерінде) Ал енді кілемшениң ұяшықтарына түстері сәйкес келетін оыйнышықтарды таңдаңдар-деп балаларға тапсырма береді. Енді біздің машиналарымыз кілемшелерге жасырынып қалды деп, ойынды әрі қарай жалғастырады	30x20 см картон кілемше 6-бөлікке бөлінген. Бөліктері 10x10 см

8	«Сипаттамасы бойынша тап»	1	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, ұлken-кіші ұғымдарын бекіту	Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншықтар қояды. Эрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмeden шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа қүйрық» -бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.	Жануарларды бейнелейтін ойыншықтар
9	«Түрлі түсті сарафан»	1	Балаларға түстердің өзгеруін көрсету арқылы, бір түстен екінші түске көшу және түстер арасындағы байланысқа назар аударту	Балаларға айналмалы тұғыр және әр түсті қағаздан қырқылған дөңгелек пішіндер таратылады. Тәрбиеші: «Балалар, бүгін бізге көңілді биші қызы қонаққа келді. Қарандаршы оның үстіндегі сары түсті сарафаны қандай әдемі! Қуыршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны өте көп екен» -деп қағаздан қырқылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес, сиқырлы сарафан екен, ол билеп кетсе болғаны сарыжасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеді	Орамал мен сарафаны бар қыздың бейнесі орналастырылған тұғыр, диаметрі 4.5 см қызыл, сары, көк түсті қырқылған дөңгелектер
10	«Таныс пішіндер доминосы» .	1	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру	Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуі бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді	Пішіндер бейнеленген суреттер
11	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»	1	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру	Қуыршақ қонаққа барады, киімін киүгө, шашына банттик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп банттиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі банттикті табу керек. Әдемі банттиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу	Ұзындығы, жуандығы, түсі әртурлі ленталар
12	«Әдемі пішіндер»	1	Баланың шығармашылық іздену	Ойын үшін алдын ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Тәрбиешілер балаларға геометриялық пішіндер	Геометриялық пішіндер

	оыйны		іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту,геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету	пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды, мысалы, геометриялық пішіннен жануар бейнесін жасайды	ұшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелек,сопакша
13	«Суретті тіз»	1	Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету	Тәрбиеші балалардың алдына суреттерді қояды да атайды. Сосын оларды бірінші дыбысын есітуіне қарай топтастыруын сұрайды. Мыс. : с- сабын,сұлгі,сурет,сиыр,сағымсақ п-пальто,піл,пияз,парақ,парта т.б	Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер.Әр дыбысқа бірнеше суреттер
14	«Кім не жейді?»	1	Логикалық ойлауды,сөйлеуді, талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту	Өсімдіктер мен жануарлары бар көртішкелер жинағын дайындаиды. М/ы: шөп-қоян-қасқыр: шаян-балық-итбалық-ақ аю:шырша бүршігі-тиін-сусар:өсімдік (шырын)-көбелек-бақа-құтан және т.б. Балаларға көртішкелер таратылады. (көртішкелерді лайықты суреттермен бетперделермен ауыстыруға болады)	Өсімдіктер мен жануарлар бейнеленген суреттер
15	«Шыршаны безендіреміз»	1	Түстеріне қарай топтастыруға үйрету	Балаларға шырша ойының силуэттері таратылады. Мольбертке шырша бейнесі бейнеленген планшет орналастырылады. Тәрбиеші: -«Балалар жақында бізде жана жыл мерекесі келе жатыр. Соған біз шыршамызды түрлі түсті ойыншықтармен безендіріп қояйык»-деп ұсыныс тастайды. Эрқайсыларының қолдарында белгілі бір түсті ойыншықтарың бар, мен қазір бір түсті атамын, сол түс кім де бар , сол бала шыршага келіп ойыншықты іледі. Бірінші қызыл түс,сонан соң сарғылт,сары,жасыл, көк,көгілдір т.с.с	Планшет 30x50 шырша бейнеленген. Түрлі түсті қағаздан қырқылған 2 шт шырша ойыншықтары
16	«Апта күндері»	1	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге	Арнағы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала	Апта күндерін шартты турде

			ұйрету	карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бүйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады	белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка
17	«Сипатына қарай шешуін тап»	1	Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу	Тәрбиеші суреттер көрсетеді. М/ы: ақшақардың суреті – «Балалар сендердің алдарында ақшақардың суреті бейнеленген көртішкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты, бірақ анықтап қарасандар оларда өзгешеліктер бар. Осылай байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын». Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар? -екі көзі, бір қызыл мұрыны бар -бастарында ше? -біреуінде шелек, екіншісінде кастрюль -қолдарында қандай өзгерістер көріп тұрсындар? -сыпырғыш, күрек, таяқшалар біреуінде он, ал екіншісінде сол қолдарында -түймелері нешеу? -ұш, төрт т/б	Заттық суреттер: ақшақарлар, жиналмалы куыршақтар, жатпауытын куыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістерімен
18	«Түрлі түсті моншақтарды тізу»	1	Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге ұйрету	Қонаққа қуыршақ немесе аю келеді, өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды. Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, сонаң соң ақ моншақты тіземіз – деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады	Ақтүсті -8 қызыл түсті -8 моншақтар, диаметрі -2 см. Жіптер және қорапшалар
19	«Иісі бойынша анықта» ойыны	1	Сезім түйсігін, қоршаған ортаға қызығушылығын дамыту	Тәрбиеші баланың көзін таңып байладап, табаққа кезекпен түрлі жемістер мен көкөністерді салады, мысалы: алма, лимон, пияз, қызылша, сәбіз және т.б. Бала бұл қандай жеміс немесе көкөніс екенін исі бойынша анықтап, оларды атайды	Жеміс-жидектер

20	«Гараждар»	1	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету	Ойынның мазмұны: балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктегі гараждағы апарып қойындар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады	Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар
21	«Кімге не керек»	1	Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-ине, құрылышыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б	Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар
22	«Бұлар нелер?»	1	Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету	Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. М/ы: мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б	Үй және жабайы жануарлар суреттері
23	«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»	1	Түстер туралы ұғымдарын көңейту	Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастыруды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастыруды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Соңан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады.	Картоннан қырқылып полотноға орналастырылғанәр түсті кеселер мен тәрелкелер
24	«Қане, сөйлесейік» ойыны	1	Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра	Тәрбиеші нақты тақырыпты таңдайды. Мысалы, анаңың туған күніне сыйлық таңдау. Тақтада әр түрлі сыйлықтар орналастырылған. Тәрбиеші балаларға осы тақырыпқа байланысты сұрақтар	Гүл, күн, ыдыстар, шаңсорғыш, еттартқылар т/б

			отырып, қуанышты көңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру	қояды: -Бұғін сендердің аналарының тұған күні делік, сен анаңа не сыйлар едің? - Сен неліктен осы сыйлықты таңдадың? - Бұл затпен не істеуге болады, сен қалай ойлайсың?	
25	Жыл мезгілі	1	Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату	Мольбертте 4 жыл мезгілінің суреті орналастырылған. Балаларға 4 жыл мезгіліне байланысты табиғат құбылыстары бейнеленген кәртішкелер таратылып беріледі. Тәрбиешінің сұрағына байланысты қай зат қай мезгілде қолданылады, кәртішкелерді соған сәйкес орналастырады	Табиғат құбылыстары бейнеленген кәртішкелер
26	«Әркімге өз үйі»	1	Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету	Балаларға аңдардың суретін көрсетіп сұрай:	6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызылсыры) үй және аңдардың (қоян, қасқыр, аю, тулық, кірпі, тышқан) суреттері
27	«Әр құска өз орны»	1	Суда жүзетін, жыртқыш және батпақта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасау	Тәрбиеші таблицадағы құстар жайлы шағын әңгіме тыңдауды ұсына отырып, құстардың аяқтарының құрылымдарына, тұмсықтарына, ерекше назар аударуларын сұрайды. Өйткені бұл сипаттамалар құстардың тіршіліктерінің белгілері болып табылады.  Бүркіт туралы әңгіме  Бүркіт – жыртқыш құс. Ол құстармен аңдарды аулап өмір сүреді. Ол биікте отырып, жердегі қорегін аңдиды. Ол бүгілген тырнағы мен мықты аяғы және иілген мықты тұмсығы арқылы өз қорегін жібермей ұстайды.  Тырна  Өзен, көл жағалауындағы батпақтарда өмір сүреді. Оның мойыны, тұмсығы, аяғы ұзын болып келеді. Ол көлдердегі су	1).9 бөлікке белінген таблица, бірінші қатарда: бүркіт, тырна, қаз 2). Құстар бейнеленген суреттер (жапалақ-жыртқыш құс, тырна батпақта, аққу, үйрек-суда жүзетін)

				жәндіктерімен қоректенеді. Қаз Өзен, көлдерде жабайы қаздар болады. Олардың аяқтарының табан асты бұлшық еті болады. Қаздар сондықтан суда тез жүзе алады. Ұзын мойынын суға тығып өз қорегін табады. Сонан соң тәрбиеші балаларды бір-бірлеп қасына шақырады. Әр бала бір суреттен алып бүркіттің, тырнаның немесе қаздың қасына орналастырады. М/ы: жапалакты бүркіттің қасына орналастырдым, әйткені ол да жыртқыш құс т.б	
28	«Дүкен» ойыны	1	Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, сипаттамасына тануды дамыту	Тәрбиеші балаларды жартылай шеңбер бойына отырғызып, балаларға айтады: «Бізде жаңа дүкен ашылды. Онда қандай жаңа ойыншықтар бар екенін көрейік. Сендер ойыншық сатып аласындар ма? Ол үшін ереже сақтау керек. Ойыншықтың атын атамай, көрсетпей, сипаттап беру керек». Сипаттауға қарай сатушы өзі тауып, алып береді. Қысқа санамақтың көмегімен балалар сатушыны таңдайды. Тәрбиеші ойыншықты сатып алу ережесін көрсетеді. Тәрбиеші: - «Мен ойыншық сатып алғым келеді. Қоңыр, маймақ аяқ, балды жақсы көреді». Сатушы сатып алушыға ойыншық аюды береді. Ойын барлық қатысушылар өздеріне ойыншық алып болғанға дейін созылады.	Ойыншықтар, суреттер
29	«Мені кім шақырды?» ойыны	1	Өз күрбы-күрдастарының дауысын тани білуді дамыту	Балалар шеңбер бойына тұрады, бір балаға шеңберден шығуын сұрайды, бірнеше қадам жерде шеңберге арқасымен тұруы тиіс. Тәрбиеші шеңберден шыққан баланы шақыратын баланы таңдайды. Шыққан бала қайта келіп, кім шақырганын айтуы керек:  - Мені шақырган сен, Аңсар.  Егер бала дұрыс тауып, бірақ есімін ұмытып қалса, шақырган баладан сұрауына болатындығын тәрбиеші айтып ескерtedі. Әдетте балалар ең алдымен саусақпен көрсетеді. Сондықтан тәрбиеші қадағалап, толық жауап беруін талап етуі тиіс	

30	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	1	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту	Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың он жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «Алдында қуыршақ, он жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері
31	«Үйдің есігін жабайық»»	1	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту	Ойынның мазмұны: қағаздан қыылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну	Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері
32	«Кім есінде көп сақтайды?»	1	Көзбен көріп есте сақтауын дамыту	Тәрбиеші балаларға кезекпен бірнеше суреттер көрсетеді, онда әртүрлі заттар бейнеленген. Балалар мұқият қарап, 1-2 минут аралығында есте сақтайды. Содан кейін тәрбиеші суреттерді алып тастайды да, балаларға оларды атап керектігін, яғни кім қайсысын есінде сақтағанын сұрайды. Кім көп атаса, сол – женімпаз болады	Алма, жұзім, банан, ерік т.б жемістердің суреттері
33	«Бақша да ма, бау да ма?»	1	Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру	Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Соңан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықпен қатыстырады	Жемістер мен көкөністердің суреттері
34	«Сыпайы болу» жаттығуы	1	Ойлауды, сөйлеуді дамыту, ересектерге және құрдастарына сыпайы қатынас жасауға және	- Балалар, сиқырлы сөздер бар, яғни олар көніл-күйді көтеруге көмектеседі. Бұғін біз дұрыс және сыпайы өтініш жасауды үйренеміз. - Сіздің өз құрдасыңызға өтініш білдіргеніңізді елестетейік. Оны қалай жақсартуға болады? Қалай ойлайсыздар? Міндетті түрде атын атап, көзіне қарап, «өтінемін» сөзін ұмытпау керек. Байқап көрелік:	

			өтініш білдіруге үйрету	<p>- Аңсар, өтінемін, допты маған берші.</p> <p>- Гұлнәр, егер қыын болмаса, ойыншықтарды жинауға көмектесші.</p> <p>- Арай, маған түймемді салуға көмектесші, өтінемін.</p> <p>- Ал, енді көшеде бейтаныс адамнан дүкеннің қайда екенін сұрау керек болса, былай айтуға болады:</p> <p>Фафу етініز, ... Кешіріңіз, .... Маған көмектесіп жіберіңізші, өтінемін.... Жағдайға байланысты бірнеше нұсқаны ойнап көрсету керек.</p> <p>Егер тәрбиешіге, аназызға немесе ересектердің бірінен сұрағыныз келсе, ал ол кісі сол сәтте басқа біреумен сөйлесіп отыrsa, не істеуге болады?</p> <p>«Кешіріңіз, өтінемін, сөзінізді бөлейін, Сізді бола ма?» «Кешіріңіз, Сіздерге кедергі келтіргеніме, сұрақ қойсам бола ма?»</p> <p>Сіздер сипайылық ережесін және жақындарынызға куаныш сыйлауды ұмытпайсыздар деп сенемін</p>	
35	«Кім қандай, айтып бер» ойны	1	Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуға үйрету	<p>Тәрбиеші балаларға әртүрлі жануарлар бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жануар екенін, не істей алатынын айтады. Мысалы: Тұлкі, қызыл-сары, өте қу, айлакер. Ол орманда, далада өмір сүреді, тышқан, қоян аулайды.</p> <p>Басқа жануарларға да қатысты сипаттама беріледі</p>	Жануарлардың суреттері

36	«Тұрлі тұсті заттар» ойыны	1	Тұстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету	Тәрбиеші балалармен бірге шенберге тұрады және ойын ережесін түсіндіреді: «Менің қолымда доп бар. Мен бір тұсті атаймын да, біреулеріңе допты лақтырамын. Допты кім ұстап алды, сол осы тұсті затты атаяу керек, содан кейін кез келген тұсті атап, тағы біреуге допты лақтырады. Ол қағып алып, затты атайды және т.с.с. Мысалы, «жасыл» (тәрбиеші жасыл тұсті заттарды есіне түсіру үшін кішкентай үзіліс береді) және Динаға допты лақтырады. Дина «қияр» деп жауап береді. Дина жауап берген соң, допты келесі ойыншыға «көгілдір» деп лақтырады және т.б. Бір тұс бірнеше рет қайталануы мүмкін, себебі бір тұсті заттар көп. Ойында тез жауап бере алу керек	Доп
----	----------------------------	---	---------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

### Барлығы 36 сағат

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
3. «Балдәурен» бағдарламасы
4. Л.А.Венгер, Э.Г.Пилюгина, Н.Б.Венгер  
Воспитание сенсорной культуры ребенка
5. «Ойнайық та, ойнайық» әдістемелік құрал  
Астана, 2010жыл
6. В.В Гербова, Р.А Иванкова, Р.Г Казакова  
Воспитание детей во второй младшей группе детского сада
7. Шығармашылық дарындылықты дамыту бағдарламасы  
«Рауан» баспасы
8. В. И. Логинова, А. И. Максаков, М. И. Попова  
Развитие речи детей дошкольного возраста
9. Мектепке дейінгі педагогика  
Астана-2012
10. Н.Н.Подъякова  
Сенсорные воспитание в детском саду, Просвещение- 1981 г
11. Ф.Н. Жұмабекова  
Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар, Алматы «Рауан»- 1994 жыл

**Ересек 4-5 жас балаларына арналған «Бұлдіршіндердің шығармашылығын дамыту» бағдарламасы**

**( Вариативтік компонент)**

## **Кіріспе**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуде үстел-үсті, қуыршақ, конус, саусақ театрларының, сонымен бірге сахналық қойылымдардың рөлі өте улken. Сахнада балалар өздерін ертегі кейіпкерлерінше сезініп, ой-қиялдарын ұшқырлайды. Өздері сүйіп тыңдайтын ертегі кейіпкерлерінің бейнелерінде ойнау - олар үшін зор қуаныш сезімін тудырады. Сахналық қойылымдар мазмұны арқылы балалар лексиканы менгереді, диалогке түседі, ертегідегі жануарлардың дауыстарын, қимылдарын айнайтпай салып, барынша көрсетуге тырысады. Соның нәтижесінде, балалардың шығармашылығы дамиды, қызығушылықтары артып, қуанады.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

### **Мақсаты:**

Сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту

### **Міндеттері:**

1. Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 4-5 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ырғағы арқылы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 4-5 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

### **Мазмұны:**

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

Тақырыптық жоспар

№	Мазмұны	Сағат саны	Өтілу түрі	Мақсаты	Көрнекілігі
1	«Күшік досын қалай тапты» ертегіci	1	Үстел -үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелуеге үйрету	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы күшік, қоян, тұлқі, қасқыр, қонжық, бала, үй макеттері және т.б. көрнекіліктер
2	«Күшік досын қалай тапты» ертегісін сахналау	1	Сахналық қойылым	Рөлдер арқылы ертегі кейіпкерлерін дауыс ырғағымен айтуда үйрету. Кейіпкерлер сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, тіл байлығын жетілдіру	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна : орман бейнесі, орманшының үйі, күшік, қоян, тұлқі, қасқыр, қонжық, баланың киімдері, үнтаспа және т.б көрнекіліктер
3	«Үйшік» ертегіci	1	Қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы балаларға ертегі желісін толық әңгімелу. Ертегіні көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту	Әсем әрі ертегі мазмұнына сай безендірілген қуыршақ театрының ширмасы және, тышқан, бақа, қоян, қасқыр, көбелек, тын, тұлқі және аюдың қуыршақ театрына арналған бейнесі. Ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер
4	«Үйшік» ертегіci	1	Сахналық қойылым	Достық қарым - қатынас жасауға тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау және оларға өзінің қатынасын білдіру	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: құрастырылмалы үйдің, ағаш шөптердің макеті, тышқан, бақа, қоян, қасқыр, көбелек, тын, тұлқі және аюдың киімдері,

				іскерліктерін қалыптастыру	ұнтаспа және т.б. көрнекіліктер
5	«Көкөністер айтысы» ертегіci	1	Конус театры	Конус театры арқылы ертегі желісімен таныстыру. Ертегідегі көкөністердің ерекшеліктері туралы әңгімелей отырып, табиғатты аялауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел үсті театры. Бау-бақшаның, қоршаудың ,жеміс ағаштарының жылжымалы конус макеттері және т.б. көрнекіліктер
6	«Көкөністер айтысы» ертегіci	1	Сахналық қойылым	Ертегідегі рөлдік диалогтерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыйайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкүндіктер туғызу	Әстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: бау-бақша, қоршаудың ,жеміс ағаштарының макеттері. Көкініс бейнелерінің киімдері. Ертегі мазмұнына сәйкес әуендер және т.б. көрнекіліктер
7	«Үш аю» ертегіci	1	Қолғап театры	Қолғап театры арқылы ертегі мазмұнын әңгімелей отырып, мейірімді, қайырымды және басқа да иігі қаситтерді бойына сінірге үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел үсті театры : орман, аю үйшігі, ертегі кейіпкерлері бейнеленген қолғаптар және т.б. көрнекіліктер
8	«Үш аю» ертегіci	1	Сахналық қойылым	Балаларды қойылымға қатыстыра отырып , рольдерді сомдауға, образға ене білуге үйрету, шығармашылықты жетілдіру	Әстетикалық талапқа сай ертегі мазмұны бойынша безендірілген сахна: орман, аю үйшігі, үй іші жабдықтары, ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер

9	«Дос іздеген бота» ертегісі	1	Фланелеграф арқылы қойылым	Ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар қою арқылы ертегіні әңгімелуеге үйрету және достық сезімге тәрбиелеу	Фланелеграф, ертегі мазмұнын бейнелейтін, суреттер және т.б. көрнекіліктер
10	«Дос іздеген бота» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналық қойылым арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахрана: үйдің , қоранаң макеттері, гүлдер мен шөптер,түье, құшіқ,бота,мысық, қозы, әтеш, лақ, араның киімдері, ертегі кейіпкерлерінің қимылына сай жетекші әуендер және т.б. көрнекіліктер
11	«Тұлқі мен ешкі» ертегісі	1	Саясақ театры	Саясақ театры арқылы ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің мінез құлыштарын ажыратада білуге үйрету	Саясақ театрына арналған тұлқі мен ешкінің бейнелері
12	«Тұлқі мен ешкі» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Балаларды ұсынылған рөлдерді ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді көрсетуге баулу	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахрана: шөптер мен талдар, құдық макеті,тұлқі мен ешкі бейнесіндегі киімдер, ертегі мазмұнына байланысты әуендер және т.б. көрнекіліктер

13	«Ормандағы емхана» ертегісі	1	Куыршак театры	Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршак театры арқылы ойнап көрсету және табиғатты қорғау сезімдерін күшейту, шығармашылықты дамыту	Безендірілген қуыршак театрының ширмасы: жылжымалы ормандағы ағаштардың макеттері, ғұлдер , ағаштан жасалған мектеп , ағаш түбіртектері, қуыршак кейіпкерлер, ертегі мазмұнына сай әуендер
14	«Ормандағы емхана» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналық қойылым арқылы бұлдіршіндердің шығармашылығын дамыту, көңіл-күймен, қуанышты жағдай тудыру, музыкаға сәйкес ширақ қимылдар жасауға үйрету	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: ормандағы ағаштардың макеттері, ғұлдер , ағаштан жасалған мектеп ,ағаш түбіртектері. Қарлығаш кейіпінде мұғалім, тоқылдақ кейіпінде орман елшісі, қасқыр,тұлқі, қоян, тышқан,аю костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
15	Ш.Перо ертегісі «Күл-қыз»	1	Фланелеграф	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру , жетекші сұрақтар арқылы ертегіні әңгімелегуге үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Фланелеграф, ертегі мазмұнына байланысты кейіпкерлердің суреттері
16	Ш.Перо ертегісі «Күл-қыз».	2	Сахналық қойылым	Ертегіге деген қызығушылығын арттыра отырып, кейіпкерлердің образдары бойынша ойнай білу қабілетін дамыту	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұнына байланысты безендірілген сахна: үй іші бейнеленген макеттер,ыдыс аяқтар, сыпырғыш,үй жиназдары,

					хан сарайының макеті, арба, ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
17	«Не дәмді?» ертегіci	1	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, үстел-үсті теарты арқылы сөйлеу тілін дамыту, дауыс ырғасын келтіре орындаап жүйелі баяндауға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы үй, қоралардың макеті, үйшік, астау макеттері, тауық,ит, қоян, ешкі, мысықтың кейіпін бейнелейтін жылжымалы бейнелер
18	«Не дәмді?» ертегіci	1	Сахналық қойылым	Өз рөлдерін сахналаш шығармашылығын дамыту және өнерге деген қызығушылығын арттыру	Әсем безендірілген сахна: үй, қоралардың макеті, үйшік, астау макеттері, тауық,ит, қоян, ешкі, мысықтың костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
19	«Тұлқі мен тырна» ертегіci	1	Саясақ театры	Ертегіні саясақ театры арқылы әңгімелеу ,ертегі мазмұнымен таныстыру.  Балалардың диалогты сөйлей білу қабілеттерін арттыру	Саясақ театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
20	«Тұлқі мен тырна» ертегіci	1	Сахналық қойылым	Ертегіні сахналай отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін нақты сипаттай білуге үйрету, шығармашылығын дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: орман ағаштары мен шөптер,көлдің макеттері, тұлқінің, тырнаның безендірілген үйлері, құмыра мен тарелка ыдыстары, тырна

					мен тұлқінің костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
21	«Төлдер айтысы» ертегісі	1	Қырышқақ театры	Балаларды «Төлдер айтысы» ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Рөлдерге тән дауыспен, қымылмен, мимикамен ойнауға үйрету, шығармашылықты дамыту	Безендірілген қырышқақ театрының ширмасы: жылжымалы қозы, лақ, құлыншақ, бұзау, ботақан, қырышқақ бейнелері, ертегі мазмұнына байланысты көңілді әуендер
22	«Төлдер айтысы» ертегісі	1	Сахналық қойылым	«Төлдер айтысы» ертегісін рольдерге бөліп ойнату арқылы әр төлдің өзіне тән дауыспен, қымылмен, мимикасымен ойнау шығармашылығын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна, макеттер, кейіпкерлер костюмдері, әуендер
23	«Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» ертігісі	1	Үстел-ұсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің өз-ара қарым-қатынасын бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерді сипаттауға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-ұсті театры :жылжымалы қараша үй макеті және үй жиназдары, кейіпкерлердің жылжымалы суреттері
24	Корықанға қос көрінеді» ертегісі	1	Үстел-ұсті театры	Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға, әрекеттердің дамуын қадағалауға ынталандыру	Ертегі желісі бойынша безендірілген үстел-ұсті театры: әже, немересі, тауық, тышқанның жылжымалы үстел үстіне арналған макеттері және т.б.

					көрнекіліктер
25	«Қорықканға қос көрінеді» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Балаларды кейіпкерлердің бейнесін беру үшін сөздегі ырғақ манерін қолдануға үйрету, шығармашылықты дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: үйдің макеті және үй жиһаздары, әже, немере, тауық, тышқанның костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	1	Конус театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар қою арқылы ертегі желісін есте сақтауға үйрету, ертегіге деген қызығушылығын арттыру	Конус театры: ертегі мазмұнына сай ағаштар, қоралар, шөптердің бейнелері, кейіпкерлер бейнеленген жылжымалы конустар
27	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	2	Сахналық қойылым	Балалардың әдеби шығармалар мен ертегі үзіндісін драмалауға қатысу біліктерін ата-аналарды қатыстыра отырып дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна : ағаштар, қоралар, шөптердің бейнелері, ертегі кейіпкерлерінің костюмдері, кейіпкерлердің іс-қимылдарына байланысты әуендер
28	Орыс халық ертегісі «Жабайы қаздар»	1	Куыршақ театры	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру, рөлдерде ойнай білу кабілеттерін дамыту	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: құрастырмалы үйдің макеті, орман бейнелерінің макеттері, пеш, ағаштар мен алма ағашы, мыстан кемпірдің үйшігі, кейіпкерлердің қуыршақтары, ертегі мазмұнына байланысты әуендер

29	Орыс халық өртегісі «Жабайы қаздар»	1	Күйршақ театры	«Жабайы қаздар» өртегісін балалардың сомдай білу біліктерін қалыптастыру	Безендірілген күйршақ театрының ширмасы: құрастырмалы үйдің макеті, орман бейнелерінің макеттері, пеш, ағаштар мен алма ағашы, мыстан кемпірдің үйшігі, кейіпкерлердің күйршақтары, өртегі мазмұнына байланысты әуендер
30	«Тұлқі мен бөдене» өртегісі	1	Саусақ театры	Ертегінің мазмұнымен таныстыру, сұрақтар беру арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету	Саусақ театрына арналған өртегі кейіпкерлерінің бейнесі
31	«Тұлқі мен бөдене» өртегісі	1	Драматизациялау	Балалардың сахналай білу қабілеттерін дамытып, арнайы атрибуттарды қолдануға үйрету	Ертегі желісіне сай жасалынған атрибуттар
32	Балалар қалауы бойынша өртегілер (қайталау)	3	Еркін	Жыл көлемінде үйренген шығармашылық біліктерін бекіту, дарындылығын анықтау	Балалар қалауы бойынша алынған өртегілерге қажетті көрnekіліктер
	<b>Барлығы</b>	<b>36 сағат</b>			

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
3. Қазақ ертегілер жиынтығы  
Алматы «Балауса баспасы» 2003 жыл
4. Ертегілер елінде  
Алматы «Аруна Ltd»
5. Кел, балалар, оқылыш  
Алматы «Дәүір кітап»
6. Ш.Перроның ертегілері  
Алматы «Проф-Пресс» баспасы
7. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері»  
Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС
8. Р.Тұрысбек, З.Сейтжанова  
Жануарлар туралы ертегілер  
Алматы «Аруна» баспасы
9. Қ.Кұрманғали  
Орыс халық ертегілері  
Алматы «Жалын» баспасы
10. М.Мақашева  
Әйбат ертегілер  
Алматы «Аруна» баспасы

**Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Таза ауадағы шынықтыру»  
бағдарламасы**

**( Вариативтік компонент)**

Дұрыс жолға қойылған дene шынықтыру  
оыйндары оқу білім алуға бөгет емес,  
қайта ойды сергітіп, ойынға жәрдем  
ететін нәрсе

*F.Mусірепов*

## Kіріспе

«Тәні саудың – жаны сау» - деген мақал арқылы ата-бабамыздың денсаулыққа үлкен мән бергенін аңғарамыз. Әрине тәні және жаны сау адамның өмірге деген құштарлығы ерекше. Ол өзін қоршаған әлемге, ортасына көтеріңкі көңіл-күй, зор сүйіспеншілік сыйлай алады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» стратегиясында: ... ұлт денсаулығы - біздің табысты болшағымыздың негізі және дene шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады» - деп айрықша атап көрсеткен.

Дене тәрбиесі ақыл-ой тәрбиесімен тығыз байланысты, себебі психиканың материалдық негізі ми, жүйке жүйелері. Баланың дene тұлғасын толыстыру, денсаулығын нығайту, дene қызметтің дұрыс жетілдіріп қана қоймайды, қабілеттің арттырады. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі дene тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген абзал.

Дене тәрбиесінің ішінде таза ауадағы денешынықтыру маңызды рөл атқарады, себебі балалардың денсаулығын сауықтыру-шынықтыруға жағдай жасайды.

Балалардың денсаулығын сауықтыру- шынықтыруға арналған таза ауадағы дene шынықтыруда ең маңыздысы дұрыс киім тандау. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін серуениң алдында және соңында өткізе отырып, балалардың таза ауадағы уақыты ұзартылады. Оқу іс-әрекетінің ұзақтығы стандарттық талапқа сай балалардың жас шамасын ескереді.

Таза ауадағы дene шынықтыру оқу іс-әрекетінің әдістемесінде 50% жүгіру жаттығулары алынады. Жүгіру жаттығулары арқылы балалардың бұлышық еттері шынығады.

**Мақсаты:** Таза ауадағы сауықтыру-шынықтыру жаттығулары арқылы балалардың денсаулығын нығайту

**Міндеттері:**

1. Таза ауадағы денешынықтыруда дұрыс киім тандау;
2. Ойын аландарын талапқа сай жабдықтау, қауіпсіздік ережелерін сақтау;
3. Жыл мезгілдеріне сәйкес жаттығулар ұйымдастыру;
4. Балалардың еркін қимылдауына жағдай жасау;
5. Спорттық ойын түрлері арқылы балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

**Мазмұны:**

- Негізгі қимыл түрлерін дамыту жаттығулары
- Жалпы дамыту жаттығулары
- Спорттық ойын элементтері  
Қимылды ойын жаттығулары  
Дене дайындығының деңгейі

**Тақырыптық жоспар үлгісі**

Анта	Кіріспе бөлім	Негізгі қимылды жаттығулар	Қимылды ойындар	Ойын шарты	Корытынды бөлім	Сағат
2	3		4	5	6	
I	Саппен жүру, жүгіру. Аяқты бір-біріне қатарластыра қойып жүру. Шашырай жүру, жүгіру, белгі бойынша тоқтау. Қолмен әр түрлі қимыл жасай жүру	1.Жүгіру (30 м)  2.Ойын жаттығуы «Допты қақпага домалат» футбол ойынына дайындық	«Аюдың аpanында»	Балалардың ашық аланда еркін ойнауына жағдай жасау. Аланың бір бұрышында аюдың аpanы. Екінші бұрышында балалар, аю ұйықтап жатқанда олар жиде тереді, өлең жолдарын айтады, егер шуласа аю оянады. Ұсталған бала бір ойын жібереді	«Доп кімде?» жай қимылды ойын. Ойыншылар шенбер бойымен тұрады. «Жүргізуші» таңдалады. Тәрбиеші шенбер сыртымен бір баланың қолына допты ұстаратады. Балалар допты сырттай бір - бірінің қолына бере шенбер бойымен жүргізеді. Жүргізуші тапқан кезде «Қол» деп айтқан бала қолында доп бар ма, жоқ па көрсету керек. Тапса ұтқаны	1
II		1.Тенис добын межеге дәлдеп лақтыру 2.Улken допты қабырғага	«Мысық пен тышқан» ойыны	Мысық пен тышқан тағайындалып, қалған балалар бір-бірінің қолын ұстап, шенбер жасап тұрады. Тышқан шенбердің ортасында, ал мысық сыртында, балалар өлең айтып қолдарын көтергенде мысық	Жүру барысында тыныс алу жаттығуларын жасау	1

		лақтырып, қағып алу		тышқанды қуады. Үстаса ұтқаны		
III		1.Бір орнынан үзақтыққа секіру  2.Волейбол сеткасынан бір-біріне доп лақтыру	«Күйспақ» ойыны	Балалар шеңбер бойымен тұрады. Эр баланың белдігіне қыстырылған лента бар. Ортаға қуушы бала тұрады. Тәрбиеші «1,2,3, ұстап кәні көрші»-дегенде балалар шашырай қашады. Үсташы қуып балалардың лентасын алғып қоюға тырысады. Тәрбиеші «1,2,3 шеңберге тұр тез» дегенде орындарына келіп тұрады. Лентасы жоқ бала ұтылады	Жүру барысында бағыт өзгерту	1
IY		1.Қапшықты үзақтыққа лақтыру  2.Ұлken допты қабыргаға ұрып, жерге тигізіп қағып алу	«Әсем бейне жаса»	Тәрбиеші белгісі бойынша балалар шашырай жүгіреді, бубеннің ұруы кезінде балалар жүрген жерінде тоқтап, ерекше бейінде қатып қалуға тырысады. Тәрбиеші балалардың бейнесін мадақтайды	Тізені бүге жүру шеңбер бойымен	1

### Қазан айы

I	Саппен алаңның шеттерімен жүру. Екі қатармен жылдамдықты қоса жүру. Шеңберге тұру	1.10-15 см биіктіктен секіру  2. Допты кеуде тұсынан 2 қолымен лақтыру	«Аю мен аралар» ойыны	Балалар екі топқа бөлінеді: аралар, аюлар. Ауланың бір бөлігінде аралардың омарласы, екніші бұрышта аюлар апаны, ортада көгал. Аралар шалғынға бал жинауга кетеді, сол кезде аюлар бал ұрлайды. Тәрбиеші «аралар қайтады» дегенде аюлар қашады, кімнің ұстіне араның қолының ұшы тисе сол бір ойынды жібереді	Ойын: «Сиқырлы шыршалар»	1
II		1.Қапшықты оң қолымен үзақтыққа лақтыру  2.Допты екі қолымен басынан асыра лақтырып,	«Аңшы мен қояндар» ойыны	Бір бала «Аңшы» болып таңдалады, қалғаны қоян. Олар бұталар арасында тығызып секіріп жүреді, ал аңшы із карайды. «Аңшы» деген сөзге қояндар үйлеріне қашады, ал аңшы доп лақтырады, кімге тисе сол ұсталғаны	Ирелендең жүру «Бұлақ агады»	1

	қағып алу				
III	1.Бір орнында тұрып екі аяқпен алма-кезек секіру 2.Кішкентай допты межеге лактыру	«Өз түсінді тап» ойыны	Балаларға қолдарына әр түрлі түсті ленталар таратылады, олар жұптарымен тұрады, әуен ойналғанда шашырай жүгіреді. Ал тоқтағанда әр қайсысы өз жұптарын тауып тұра қалулары керек	Жұппен жүгіру	1
IY	1.Кедергілер: -20 м жүгіру; -доға астынан өту; - тепе-тәндікті сақтай отырып, жыланша ирелендеп жүргү	«Өз жұбынды тап» ойыны	Бұл ойында балалар екі қатарға тұруды үйренеді, тез ойланып өз жұптарын табуға тырысады	Эксперимент «Тыныс алу» (балаларға ауызben және мұрынмен ауа толтырып демалғызып, мұрынмен тыныс алудың дұрыс екенін түсіндіру)	1

### *Қараша айы*

I	Саппен алаң шетімен жүргү. Екі сапқа болініп жүргү, бағыттарын өзгерте. Екі қатармен қарама карсы бағытта жүгіру	1.Көлбебе заттың үстімен жоғары шығу-жүгіре, төменде жай қадаммен. 2.Бағытын тездете жүріп доға астынан өту	«Қарамақ» ойыны	Ойыншылар үлкен шеңбер құрып тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, қолындағы ұзын жіпте қапшық байланған. Ол жібін айналдыра шеңбер бойымен жүргізгенде балалар аяқтарын тигізбей секіріп тұруы керек. Кімге тисе сол қармаққа ілінгені	2,3 қатармен бастаушының сонынан жүріп үйрену	1
II		1.Бір орнынан ұзақтыққа секіру 2. Жұптаса тұрып допты аяқпен бір-біріне домалату	«Ақку-қаздар» ойыны	Ойыншылар ішінен қасқыр мен бақташы таңдалып алынады. Балалардың қалғаны каз болады. Алаңның бір жағы бойына сызық сызылады, оның сыртында қаздар жүреді. Ол олардың жатын орны. Бақташының қаздарының дауысын естіп қасқыр оларды ұстауға тырысады.	Қолды еркін жібере жүргү	1
III		1.Бір қолмен қапшықты ұзақтыққа лактыру	«Әсем бейне жаса»	Тәрбиеші белгісі бойынша балалар шашырай жүгіреді, бубеннің ұруы кезінде балалар жүрген жерінде тоқтап, ерекше бейінде қатып қалуға тырысады. Тәрбиеші	Шашырай жүргү	1

		2.Ойын жаттығуы «Келесі бетке допты ала жүгір» (футбол элементі)		балалардың бейнесін мадақтайды		
IY		1.Жүгіріп келіп ұзақтыққа секіру  2.Ойын жаттығуы «Пас» (футбол ойныны элементі)	«Орт сөндіруші және оқушылары» қимылды ойыны	Балалар алаңда өрмелеші ойындарға қарама- қарсы орналасады - бұлар өрт сөндірушілер. Тәрбиеші белгісі бойынша 1-қатардағылар гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, жоғарыдағы қонырауды сымдырлатады. Бұл ойында қауіпсіздік қатаң сақталу қажет	Жай қимылды ойын: «Ұшты, ұшты!» Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиешінің «Ұшты, ұшты .....» деп айтылған сөздерінде ұшатын жәндіктер, құстар т.б айтылса қолдарын жоғары көтеріп шапалақтайды. Егер ұшпайтын заттар айтылса қолдарын төмен туғыреді	1

### ***Желтоқсан айы***

I	1.Аяқты теңестіре койып жүру  2.Аяқты өкшеден бастап баса жүру.  3.Бірінің ізінен бірі баса үлкен қадам жасай жүру	1.Қос аяқтан алға жылжи секіру  2.Жүгіру 1 минут	«Көңілді балалар» ойыны	Балалардан қуушы таңдалып, қалған бала алаңың екінші шетінде тұрады, олардың міндеті екінші қарсы беттегі сзызыққа қуушыға ұстаптай жету. Ұсталған бала ұтылады	Сырганай жүру	1
II		1.Жүгіру 1,5 минут  2.Мұзды жолда сырғанау	«Доп кімде?» жай қимылды ойын	Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады. «Жүргізуші» таңдалады. Тәрбиеші шеңбер сыртымен бір баланың қолына допты ұстадады. Балалар допты сырттай бір-бірінің қолына бере шеңбер бойымен жүргізеді. Жүргізуші тапқан кезде «Қол» деп айтқан бала қолында доп бар ма, жоқ па көрсету керек. Тапса ұтқаны	Шаңғышы қимылымен жүру	1

III		1.Үйілген қар төмпешігінен секіру 2.Қарлы кедергілердің арасынан өту	«Қақпаға тигіз» ойыны	Балалар алдарындағы межеге қашық лақтырып тигізеді	Жүру «Конькишілер»	1
IY		1.Мұзды жолда сырғанау 2.Қарды алысқа лақтыру	«Кім аз секіреді» ойыны	Бұл ойында балалар екі қатарға тұрып қашықтыққа секіріп жарысады	Ашық аланда әр-түрлі ойын алаңдарының арасымен жүру.	1

### ***Қаңтар***

I	1.Тапталып сырғанақ болған қарлы жол үстімен жүру 2.Қар домалақтарынан секіру, шашырай жүгіру	1.Шаңғымен алдыға жылжи жүру қимылын жасау. 2.Қар үйінділерінен секіру (40 см)	«Пингвиндер» қимылды ойыны	Балалар 2-3 қатарға тұрып тізелеріне қашықты қыстырып, додаға дейін секіріп барады, қайтарда қашықты алып қайтады	Әр түрлі бедерлі жерлермен жүру	1
II		1.Шанамен ойнаймыз 2.Бір аяқпен алмастырып секіру	«Доп кімде?» жай қимылды ойын	Ойыншылар шенбер бойымен тұрады. «Жүргізуші» таңдалады. Тәрбиеші шенбер сыртымен бір баланың қолына допты ұстатаады. Балалар допты сырттай бір-бірінің қолына бере шенбер бойымен жүргізеді. Жүргізуші тапқан кезде «Қол» деп айтқан бала қолында доп бар ма, жоқпа көрсету керек. Тапса ұтқаны	Поровозша жүрейік	1
III		1.Шанамен ойнаймыз 2. Қарды алысқа лақтыру	«Кү тұлкі» ойыны	Балалар шенбер бойымен тұрады, ал тәрбиеші шенберді айнала жүріп білдіртпей бір баланы тұртаді. Сосын «Кү тұлкі қайдасын?» деп айтқан ол ортаға шыға келеді. Балалар қашады, ол ұстайды. Ойын осылай жалғаса береді	Ашық аланда әртүрлі ойын алаңдарының арасымен жүру	1

IY		<p>1.Кім қарды дәлдікке лақтырады</p> <p>2. Төмпешіктен сырғанау</p>	«Аю мен аралар» ойыны	<p>Балалар екі топқа бөлінеді: аралар, аюлар.</p> <p>Алаңың бір шетінде аралардың омартасы, екінші бұрышта аюлар апаны, ортада көгал. Аралар шалғынға бал жинауга кетеді, сол кезде аюлар бал ұралайды. Тәрбиеші «аралар қайтады» дегенде аюлар қашады, кімнің үстіне араның қолының ұшы тисе сол бір ойынды жібереді</p>	Қар түйіршіктерінің арасымен жүру	1
----	--	----------------------------------------------------------------------	-----------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------	---

### *Aқпап*

<i>I</i>	<p>1.Екі қатармен «жыланша» ирелендеп жүру</p> <p>2.Екі аяқпен алма-кезек алдыға жылжи секіру</p> <p>3.Әртүрлі бедерлермен жүру</p>	<p>1.Екі аяқты қосып биік қар төмпешегінен секіру (20 см)</p> <p>2.Сырғанақ жолмен жүру</p>	«Қызыл мұрын Аяз»	<p>Ортадан бір бала Аяз болып таңдалып, өлең жолдарын айтып келесі беттегі үйлерге ұмтылады. Егер Аяздың қолы тисе, сол бала мұз болып қатады. Топпен ойын</p>	Жай жүріс, қолды жанға сермей	1
<i>II</i>		<p>1.Шаңғымен бір-бірін итере ойнау</p> <p>2.«Кім шанамен алысқа сырғанайды» ойыны</p>	«Қарамак» ойыны	<p>Ойыншылар үлкен шенбер құрып тұрады. Тәрбиеші ортада қолындағы ұзын жілте қапшық байланған, ол жібін айналдыра шенбер бойымен жүргізгендеге балалар аяқтарын тигізбей секіріп тұруы керек. Кімге тисе сол қармаққа ілінгені</p>	Шаңғымен жүру қимылдарын көрсете жүру	1

<b>III</b>		1.«Кім алысқа сырғанайды?» ойыны 2.Қар үстіндегі сзылған жолақшадан секіру	«Үйсіз қоян» ойыны	Балалар айнала тұрып, әрқайсысы өз айналасына шенбер сзып алады. Бір балаға шенбер жетіспейді. Тәрбиеші белгісі бойынша шашырай жүгіреді. «Үйлерінді табындар» деген белгіге балалар тез өз үйлеріне орналасуға тырысады. Шенбер жетпеген бала «үйсіз қоян» аталады	«Жыланша ирелендеп» жүру	1
<b>IV</b>		1. Қарды жолақшамен домалату 2.Екі аяқпен алма-кезек секіру	«Кү тұлкі» ойыны	Балалар шенбер бойымен тұрады, ал тәрбиеші шенберді айнала жүріп білдіртпей бір баланы тұртеді. Сонын «Кү тұлкі қайдасың?» деп айтады, ол ортаға шыға келеді. Балалар қашады, ол ұстайды. Ойын осылай жалғаса береді	Қолды бос жібере жүру	1

### *Наурыз*

<b>I</b>	Саппен алаң шетімен жүру. Екі сапқа бөлініп жүру, бағыттарын өзгерте. Екі қатармен қарама карсы бағытта жүгіру	1.«Аққан судан секіру» 2.Кеглиді ұрып құлату	«Жапалақ» ойыны	Бір бала «жапалақ» болып сайланады, қалғандары жәндіктер. «Тұн» дегенде жапалақ ұшады, жәндіктер қозғалмай тұруы керек, ал «күн» дегенде ұшпайды.	Шашырай жүгіру	1
<b>II</b>		1.Қапшықты алысқа лақтыру 2.Бөшкені құлату	«Жыл құстары» ойыны	Залдың бір бөлігінде балалар-құстар, екінші жағында заттар-биік жартастар (гим.орындық т.б) Құстар қанаттарын жайып ұшады, тәрбиеші «дауыл» дегенде олар орындықтарға мініп отырады. Ойын осылай жалғасын табады	Ирелендеген жолмен жүру	1
<b>III</b>		1.Қашықтыққа секіру 2.Шиыршыққа дәл түсіру	«Өз жұбынды тап» ойыны	Бұл ойында балалар екі қатарға тұруды үйренеді, тез ойланып өз парларын табуга тырысады	Шашырай аяқты көтере жүгіру	1

<b>IV</b>		1.Қос аяқпен 90 градусқа айнала секіру 2.Ирелендең зат арасымен жүру	«Белгі беру» қымылды ойыны	Балалар шеңбер бойымен тұрады, тәрбиеші 1 рет ысқырса жүреді, 2 ретте жүгіреді, шатасқан бала ойыннан шыгады	Шашырай жүгіру	1
-----------	--	-------------------------------------------------------------------------	----------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------	---

*Cəyir*

<b>I</b>	Саппен аланың шеттерімен жүру. Екі қатармен жылдамдықты қоса жүру. Шеңберге тұру	1.Қос аяқтап алға жылжи секіру 2.Жүгіру 1 минут	«Жыл құстары» ойыны	Залдың бір бөлігінде балалар- құстар, екінші жағында заттар-бік жартастар (гим.орындық т.б) Құстар қанаттарын жайып ұшады, тәрбиеші «дауыл» дегенде олар орындықтарға мініп отырады. Ойын осылай жалғасын табады	Жаттығуды еркін қымылдармен аяқтау	1
<b>II</b>		1. 1 орыннан 70см-100 см дейін секіру  2. Екпінмен келіп кубикті құлату	«Бақшадағы қояндар» ойыны	Балалар тең екі топқа бөлінеді. Алаңға үлкен шеңбер сыйылады. Шеңбер ортасында қояндар, сыртында аңшылар. Аңшылар шеңбер сыртында кішкентай доппен қояндарды аулауға тырысады	«Жыланша ирелендең» жүру	1
<b>III</b>		1.30 м қашықтыққа жүгіру  2.Ойын алаңдарына өрмелеу	«Жұпты қуыспак» ойыны	Балалар екі қатарға бөлінеді, өздеріне жұптарын белгілейді, арақашықтық 3-4 қадам, «қаш» деген белгімен 1-қатар қашады, екіншісі өз жұптарын қуып, ұстауға тырысады. Ойын алмасып жүргізіледі	Аяқтың ұшымен жүру	1

IV		1.Жұру барысында бағыт өзгерте жұру 2.Қос аяқпен секіру	«Теңіз толқиды» ойыны	Бір бала «жүргізуші» болып сайланады, қалған балалар өз шеңберлерінде тұрады, жүргізуші «Теңіз толқиды» деп бір баланың қолынан ұстап жүреді айнала, қалғандары сонынан жалғаса ереді. Қайтадан «Теңіз тынышталды» дегенде өз орындарын табады	Тізені жоғары көтере жүгіру	1
----	--	------------------------------------------------------------	-----------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------	---

### ***Мамыр***

	1.Колмен әртүрлі қимыл жасай жұру. 2.Тізені жоғары көтере жұру, жүгіру	1.Қашықтыққа секіру құмда 2.Сапта тұрып онға, солға бұрылу	«Жерде қалма» ойыны	Тәрбиеші «ұсташы» таңдайды. Барлық балалар шашырай жүгіреді. Тәрбиеші «ұста» деген белгісіне балаларды ұсташа тұрысады, ал қалған балалар жерден биік заттардың үстіне мініп алулары керек	Ирелендеп жұру	1
		1.«Кеглиді құлат» ойыны	«Зырылдауық эткеншек» ойыны	Балалар жіптен ұстап шеңбер жасап тұрады, өлең жолдарын айтумен айналады: «Жаймен, жаймен, Айналады эткеншек, Айнала, айнала Жүгіреді эткеншек Тыныш, тыныш асықпандар, Токтатыңдар эткеншекті	Сызылған сзызықтан жаңымен секіру	1
	1.Межеге лақтыру2. Ұзындыққа секіру	Эстафеталық сайыс	Балаларды 2 топқа бөліп, сайыс ұйымдастыру	Балалар деңгейін бағалау	1	
	Жүгіру, жұру	Эстафеталық сайыс	80-120 метр арақашықтыққа жүгіруді орташа жылдамдықтағы жүрумен кезектестіру	Балалар деңгейін бағалау	1	

**Барлығы: 36 сағат**

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. «Балбөбек» бағдарламасы Алматы -2006 жыл
5. Л.И.Пензулаева  
Физкультурные занятия с детьми 5-6 лет
6. Жаттығу – денсаулықтың қайнар көзі  
Шымкент – 2006 жыл

---

**Мектепке дейінгі ересек жас балаларына арналған «Сиқырлы сандар»  
бағдарламасы  
( Вариативтік компонент)**

## **Kіріспе**

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Себебі, 5-6 жастағы балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Сиқырлы қалам» вариативтік бөлік бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен менгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік менгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Сиқырлы қалам» вариативтік бөлік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз

**Мақсаты:** Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру

**Міндеттері:**

- Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;
- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

**Мазмұны:**

- Түс және пішін
- Сан және санау
- Бүтін және бөлік
- Геометриялық фигуralармен танысу
- Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру
- 20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету
- Заттардың көлемдерін анықтау
- Ауызша есептеу дағдыларын дамыту

### **Тақырыптық жоспар үлгісі**

№	Сабактың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі	Мақсаты
<b>Қыркүйек</b>					
1	Сурет бойынша сызықтарды қосу	1		Дидактикалық үlestірмелер, суреттер	Балалардың көз зердесін қалыптастыру
2	Түс және пішін	1		Суреттер	Түсті және заттардың пішінін ажыратса білу
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын, орнын ауыстыру	1		Сурет	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру
4	Заттарды санау. Тура және кері	1		Суреттер	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне

	санау				қарай салыстыру
<b>ҚАЗАН</b>					
5	«Біз нешеуміз»	1		Үлгі, суреттер	Санауга үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту
6	Суретпен жұмыс	1		Үлгі, суреттер	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	1		Сурет	Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту
8	«Сиқырлы қоржын»(Ойын)	1		Таңбалар үлгісі, сандар	Геометриялық фигураударды тани білу дағдыларын қалыптастыру
<b>ҚАРАША</b>					
9	Таныс фигураударды ата	1		Сандар	Оқушылардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
10	Геометриялық фигураудармен танысу	1		Фигураудардың суреттері, атаулары	Геометриялық фигураудардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
11	«Сәүлетші» ойыны	1		Сандар, суреттер	Геометриялық фигураудардан түрлі заттар құрастыру
12	Қызықты текше	1		Кестелер, суреттер	Сандардың ретін менгерту
<b>ЖЕЛТОҚСАН</b>					
13	Көңілді санамақтар	1		Сандар, суреттер	Жылдам санау дағдыларын ұштау
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1		Сандар	Логикалық есептер шығаруға үйрету
15	«Жылдам ойлан!»	1		Фигураудардың суреттері	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру
16	Сырсандық білімдарларга	1		Фигураудар	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға

					машықтандыру
<b>ҚАНТАР</b>					
17	Бүтін және бөлік	1		Суреттер	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру
18	Сұйық және сусымалы	1		Суреттер	Сұйық және сусымалы заттарды ажыратада білуге үйрету
19	Қай уақыт, сағат неше?	1		Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамыту
20	Заттардың орналасуы	1		Сандар	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауга үйрету, ретімен орналастыру
<b>АҚПАН</b>					
21	Ойын есептер	1		Суреттер	Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту
22	Тенге, монеталар.	1		Суреттер	Балаларға тенге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру
23	Ойын «Кім тапқыр?»	1		Сандар,суреттер	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу
24	Арифметикалық лото (Ойын)	1		Кестелер	Кестелік қосу және азайту тәсілдерін пысықтау
25	Есептер шығару	1		Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру
26	«Кім жылдам?»	1		Сандар	Оқушылардың қосу және азайту таңбаларын ажыратада білу дағдыларын қалыптастыру

27	Тез есепте!	1		Сандар	0-ден 10-ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуга дағдыландыру
28	Ойын есептер «Ойлан тап!»	1		Сандар	Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үрету
29	20-ға дейінгі сандарды санауга үрету  «Сандардың орнын тап» ойын	1		Кестелер	20-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауга дағдыландыру
30	Сандар құрамымен жұмыс	1		Сандар	Сандар құрамын жылдам таба білуге үрету
31	Ойнай отырып, ойла	1		Сандар	Көзben көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту
32	Математикалық эстафета	1		Сандар	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту
	<b>Барлығы</b>	<b>32 сағат</b>			

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған  
«Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева, Р.Қ.Өміртаева

Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар

5. Б.М.Қосанов, Р.Қ.Өміртаева

Математикадан қызықты жаттығулар

6. Ш.Х.Құрманалина, М.Жұмабекова, Р.Өміртаева

Математикаға арналған дидактикалық материалдар

7. Л.В.Кирилинская, А. Сәулебаева , М.К. Абаева –Бегалиева

Сиқырлы математика «Шикула және К» 2010 жыл

8. Қызықты сандар құпиясы Алматы-2008 жыл

9. С.Мадалиева

Сиқырлы математика елі